

## **Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптарын сынақтан өткізуге қойылатын әдістемелік тәсілдемелерді бекіту туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 25 қазандағы № 155 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 95-бабы 7-тармағының 13-тармақшасына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 7 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптарын сынау және тұқым шаруашылығы салаларындағы заңнамасын біріздендіруге бағытталған іс-шаралар тізбесінің 1-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптарын сынақтан өткізуге қойылатын әдістемелік тәсілдемелер бекітілсін.

2. Осы Шешім ол ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2022 жылғы 25 қазандағы  
№155 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптарын сынақтан өткізуге қойылатын ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕМЕЛЕР**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Әдістемелік тәсілдемелер Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптарын (бұдан әрі – сұрыптар) сынақтан өткізудің жалпы мақсаттарын, қағидаттарын және шарттарын айқындайды.

2. Сұрыптарды сынау жаңа сұрып туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын Одаққа мүше мемлекеттің аумағында пайдалануға рұқсат берілген (рұқсат етілген, ұсынылған) ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының ұлттық тізіліміне (бұдан әрі тиісінше – ұлттық тізілім, мүше мемлекет) және қалыптастыру және жүргізу тәртібі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 13 ақпандағы № 26 шешімімен бекітілген ауыл

шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының бірыңғай тізіліміне енгізу үшін сұрыптың ерекшелік, біркелкілік және тұрақтылық талаптарына сәйкестігін белгілеу, сондай-ақ сұрыптың шаруашылық және биологиялық белгілері мен қасиеттерін айқындау мақсатында жүргізіледі.

3. Осы Әдістемелік тәсілдемелердің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"сұрыпты сынау", "сұрыптық сынақ" – сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерін, сондай-ақ оны ұлттық тізілімге енгізу мақсатында сұрыптың ерекшелігі, біркелкілігі және тұрақтылығы белгілерін айқындау бойынша іс-шаралар;

"сұрыпты ерекшелікке, біркелкілікке және тұрақтылыққа сынау" – сұрыптың ерекшелігі, біркелкілігі және тұрақтылығы белгілерін айқындау үшін сұрыпты мемлекеттік сынау;

"конкурстық сұрыптық сынақ" – сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерін айқындау үшін сұрыпты мемлекеттік сынау;

"сұрыптың сапасын бағалау" – оның сапа көрсеткіштері бойынша сұрыптың шаруашылық бағалы қасиеттерін айқындау;

"өндірістік сынақ" – өндірістікке барынша жақын жағдайларда сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерін айқындау;

"стандарттық (бақылаушы) сұрып" – бағалау жүргізілетін басқа сұрыптармен салыстырғанда шаруашылық және биологиялық қасиеттерімен ерекшеленетін, бұрын ұлттық тізілімге енгізілген сұрып;

"эталондық сұрып (сұрып-эталон)" – сұрыпты ерекшелікке, біркелкілікке және тұрақтылыққа сынау кезінде морфологиялық белгілерінің көріну деңгейі негізге алынатын (эталон) ауыл шаруашылығы өсімдігінің сұрыпы.

Осы Әдістемелік тәсілдемелерде пайдаланылатын өзге ұғымдар 2017 жылғы 7 қарашадағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы туралы келісімде және Одақ органдарының іске асыруға қабылданған актілерінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

## **II. Мүше мемлекеттердегі сұрыптық сынақтың жалпы мәселелері**

4. Сұрыптық сынақты мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары және (немесе) ұйымдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) мемлекеттік сұрыпсынау станцияларында, мемлекеттік сұрыпсынау учаскелерінде, мамандандырылған зертханаларда, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылған әртүрлі меншік нысанындағы ауыл шаруашылығы ұйымдарындағы сұрыпсынау учаскелерінде және мүше мемлекеттің аумағында немесе одан тыс орналасқан өтініш берушінің сұрыпсынау учаскелерінде (бұдан әрі – сұрып учаскесі) өткізеді.

5. Мүше мемлекеттерде сұрыптық сынақты қаржыландыру мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және мүше мемлекеттердің бюджеттері, сондай-ақ өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүргізіледі.

6. Сұрыптық сынақты өткізу үшін мүше мемлекеттерде сұрыптарды ерекшелікке, біркелкілікке және тұрақтылыққа сынау әдістемелерін сақтауды және сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерін айқындауды қамтамасыз ететін оқшауланған аумақтағы егістіктің тұрақты учаскелері, сондай-ақ өндірістік ауыспалы егіс құрылымындағы учаскелер бөлінеді.

Сұрыптық сынақ өткізуге арналған сұрып учаскесіне бөлінетін алаң ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түрлері мен сынақтан өткізілетін сұрыптардың көлеміне қарай анықталады.

7. Сұрыптың ерекшелік, біркелкілік және тұрақтылық талаптарына сәйкестігін анықтау Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық одақтың әдістемелерімен үндестірілген ұлттық әдістемелерге сәйкес арнайы бөлінген сұрып учаскелеріндегі ерекшелікке, біркелкілікке және тұрақтылыққа далалық сынақтар шеңберінде жүзеге асырылады.

8. Сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерін анықтау ұлттық әдістемелерге және осы Әдістемелік тәсілдемелерге сәйкес уәкілетті органдар жүргізетін далалық конкурстық сұрыптық сынақтардың деректері және сараптамалық бағалау (өтініш берушінің учаскесінде өткізілетін сынақтар) негізінде жүзеге асырылады.

9. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тектері мен түрлерінің тізбесі, сұрыптардың сұрыптық сынақтар нәтижелері бойынша, не өтініш берушінің деректері бойынша, не сараптамалық бағалау бойынша (өтініш берушінің учаскесінде өткізілетін сынақтар) бағаланатын шаруашылық және биологиялық қасиеттері мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленеді. Мұндай тізбелерді қалыптастыру қажеттілігін мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықтайды.

10. Мүше мемлекеттердің сұрып учаскелеріндегі сұрыптық сынақ:

кешенді сұрып учаскелерінде – уәкілетті орган анықтайтын ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің тізбесі бойынша белгілі бір өңірде өсіп-өндірілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің барлық түрлерінің сұрыптарын бағалау үшін;

мамандандырылған сұрып учаскелерінде – ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің жекелеген топтарының немесе жекелеген дақылдардың (көкөніс, жеміс дақылдары, күріш, қант қызылшасы, жүзім және басқа ауыл шаруашылығы дақылдары) сұрыптарын бағалау үшін;

өңірлердің топырақ қыртысы-климаттық жағдайлары ескеріле отырып арнайы сұрып учаскелерінде – жасанды суармалауды қолдану жағдайларында немесе құрғатылған жерлерде өсіп-өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптарын бағалау үшін;

энтмологиялық және (немесе) фитопатологиялық сұрып учаскелерінде – жасанды инфекциялық фон жағдайларында сұрыптардың аурулардың зақымдауына және (немесе) зиянкестердің зақымдауына орнықтылығы мәніне сұрыптарды иммунологиялық бағалау үшін жүзеге асырылады.

11. Өтініш берушінің бастамасы бойынша сұрыптық сынақтан бөлек техникалық мүмкіндік болған жағдайда уәкілетті орган ұлттық тізілімге енгізілген де, енгізілмеген де сұрыптарды қайталаулар саны азайтылған, көрсеткіштер саны қысқартылған алдын ала (экологиялық), технологиялық, таныстыру, өндірістік сынақтан өткізу бойынша қызметтер көрсете алады.

12. Сұрыптардың санын бағалау мүше мемлекеттердің заңнамасына және (немесе) ұлттық әдістемелерге сәйкес уәкілетті органдардың құрылымына енетін мамандандырылған зертханаларда жүзеге асырылады.

13. Одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің жаңа және перспективалық сұрыптарын таныстыру және жылжыту мақсатында уәкілетті органдар бірлескен ақпараттық іс-шаралар (мысалы, таныстырымдық егіндіктермен "егіс күнін") өткізуі мүмкін.

### **III. Мүше мемлекеттердегі сұрыптық сынақтарға арналған сұрып учаскелерін ұйымдастыру**

14. Сұрып учаскелері өңірде неғұрлым кең таралған бір немесе екі типті топырақ түрлілігінде ұсынылған жер аумақтарында орналасады.

15. Сұрып учаскелерін ұйымдастыру кезінде:

а) сұрып учаскелері аумақтарына топырақ-агрохимиялық зерттеулер кешенін жүргізу, топырақ үлгілерін талдамалық өңдеу, картографиялық материалды дайындау, сұрып учаскесінің топырақ жабындысының сипаттамасын және агроөндірістік сипаттамасын қамтитын сұрып учаскесінің топырақ-агрохимиялық очеркін жасау;

б) алдын ала барлау егістерін жүргізу;

в) осы өңірде қабылданған егіншілік жүйесіне сәйкес сұрып учаскелерінің ауыспалы егістерін ұйымдастыру қамтамасыз етіледі.

### **IV. Тұқымдық үлгілермен сұрыпты сынауды өткізуді қамтамасыз ету**

16. Өтініш беруші сұрыпты сынауға арналған сұрыптардың тұқымдарын, сондай-ақ стандарттық (бақылаушы) және эталондық сұрыптардың (эталон-сұрыптардың) тұқымдарын уәкілетті органға осы орган белгілеген мөлшерде және мерзімдерде өтеусіз негізде береді. Сұрыптардың тұқымдарын уәкілетті органға жеткізуді (тасымалдауды) өтініш беруші жеке қаражаты есебінен жүзеге асырады. Мүше мемлекеттің аумағына әкелінген (орын ауыстырған) сұрыпты сынауды жүргізуге

арналған сұрыптардың тұқымдары өтініш беруші кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және басқа өндіріп алатын төлемдерді төлегеннен кейін уәкілетті органға тапсырылады.

17. Сұрыптың өтініш берушісі берген сұрыпты сынау өтінішіне (бұдан әрі – өтініш) қоса берілетін құжаттарда және тұқымдарды жеткізу (тасымалдау) кезінде өтініш иесі өтініш берілген сұрыптың және оның тұқымдарының генетикалық бағдарламасы гендік-инженерлік материалды қамтитынын (қамтымайтынын) құжатпен декларациялайды (растайды), сондай-ақ ұсынылатын ақпараттың анықтылығына жауапкершілік алады. Өтініште қамтылған ақпараттың анықтығын, соның ішінде сұрыптың генетикалық бағдарламасында гендік-инженерлік материалдың болуын (болмауын) уәкілетті орган Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық одақтың (PLUTO Plant Variety Database), Еуропалық одақтың өсімдіктердің сұрыптары жөніндегі агенттігінің (CPVO), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) ақпараттық-іздеу жүйелерінде және басқа жүйелерде тексереді.

## **V. Сұрыпты сынауды жоспарлау және өткізу**

18. Мүше мемлекеттерде сұрыпты сынауды жоспарлау және өткізу жалпы қағидаттарды ескере отырып жүзеге асырылады:

а) негізгі шарттарды сақтау:

тәжірибе жүргізудің зерттелетіндерден басқа барлық шарттарының жалғыз айырмашылығы немесе ұқсастығы;

тәжірибелік, соның ішінде есептік мөлдектердің пайдаланылатын механикаландыру құралдары және мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес бекітілген сұрыпты сынау әдістемесінің және осы Әдістемелік тәсілдемелердің ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін неғұрлым қолайлы пішіні мен мөлшері;

тәжірибедегі қажетті қайталану саны;

әрбір қайталануда стандарттық (бақылаушы) сұрыпқа сәйкес келетін бір топтағы сұрыптарды рандомизацияланған (кездейсоқ) әдіспен орналастыру;

тәжірибелерді топырақ құнарлығының белгіленген деңгейінде және өндіріске жақын индустриялық технологияны қолдана отырып жүргізу;

б) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бір тобы бойынша тәжірибе шеңберінде жеке алынған сұрып учаскесінде барлық сынақтан өткізілетін сұрыптар мен стандарттық (бақылаушы) сұрыптар үшін мыналар арқылы теңдей жағдайды қамтамасыз ету:

жер бедері, микро жер бедері, топырақ жабындысы және топырақ құнарлығы бойынша тегістелген сұрып учаскесінде тәжірибенің барлық қайталануын орналастыру;

барлық сынақтан өткізілетін сұрыптар мен стандарттық (бақылаушы) сұрыптарды бірыңғай бұрынғы егілген егіс бойынша орналастыру;

тыңайтқыштың бірдей түрлері мен дозаларын қолдану;

топырақты, өсімдіктерді және тұқымдарды бір мерзімде және бірдей құрал-саймандармен, машиналармен және өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу;

тәжірибеде сұрыптарды, әдетте бір жылда өсіп-өндірілген және репродукциясы жақын жоғары сұрыпты және себуге сапалы тұқымдармен бір уақытта себу;

егінді бірдей пісу кезеңінде бірдей машиналармен жинау;

в) мына процестерге жалпы тәсілдемелерді қолдану:

арнайы сұрып учаскелерінде ерекшелікке, біркелкілікке және тұрақтылыққа дала сынақтарын өткізу;

ерекшелікке, біркелкілікке және тұрақтылыққа сынау кезінде эталондық сұрыпты (эталон-сұрыпты) таңдау;

Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық одаққа мүше мемлекеттердің құзыретті органдарынан не басқа елдердің құзыретті органдарынан алынған ерекшелікке, біртектілікке және тұрақтылыққа сынау нәтижелеріне сараптама жасау;

сұрыптың өтініш берушісі уәкілетті органға ұсынған ерекшелікке, біртектілікке және тұрақтылыққа сынау нәтижелеріне сараптама жасау;

сұрыпты сынауды өткізуге арналған тұқымдарды (көшет материалдарын) пайдалану ;

копсыту ғимараттарында қорғалған топырақ үшін көкөніс дақылдарының сұрыптарын, соның ішінде жарық дақылдарын пайдалана отырып сынау (сынақтар өтініш берушінің учаскелерінде өткізілуі мүмкін);

жаңа сұрыптардың шаруашылық және биологиялық қасиеттеріне сараптамалық бағалау (өтініш берушінің учаскелерінде сынау) жүргізу;

сұрыптың өтініш берушісі ұсынған жаңа сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерін анықтау бойынша сынақтардың нәтижелеріне сараптама жүргізу;

мамандандырылған зертханаларда ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының сапа көрсеткіштерін бағалау кезінде зертханалық зерттеулердің стандартталған (ұқсас) әдістерді пайдалану;

өтінішке қоса берілетін құжаттарды орыс тілінде және мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде (мемлекеттік тілдерінде) (егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса) рәсімдеу;

сұрыптың анкетасын рәсімдеу (№ 1 қосымшаға сай тізбеге сәйкес мәліметтерді көрсете отырып);

сұрыптың сипаттамасын рәсімдеу (№ 2 қосымшаға сәйкес);

сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерінің тізбесін қалыптастыру (№ 3 қосымшаға сәйкес);

сынақтан өткізілетін сұрыптардың сапа көрсеткіштерінің тізбесін қалыптастыру (№ 4 қосымшаға сәйкес);

сұрыпқа атау беру (№ 5 қосымшаға сәйкес қағидалар бойынша).

## **VI. Тәжірибелік деректерді статистикалық өңдеу**

19. Мүше мемлекеттерде конкурстық сұрыптық сынақтар кезінде танаптық тәжірибелердің деректерін статистикалық өңдеу үшін мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған әдістемелік тәсілдемелер қолданылады:

- а) сынақ нәтижелерінің анықтығын қамтамасыз ету;
- б) тәжірибелердің нәтижелерін статистикалық өңдеуді дисперсиялық талдау әдісімен (тәжірибе қателіктерін, тәжірибе бойынша орташа қателікті, сенімгерлік ықтималдықтың 95-пайыздық деңгейі кезіндегі ең төмен елеулі айырманы есепке ала отырып) жүзеге асыру;
- в) қалып қойған деректерді қайта қалпына келтіру;
- г) статистикалық өңдеуге арналған тәжірибелердің нәтижелерін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы дайындау.

## **VII. Сұрыпты сынау қорытындысы бойынша шешімдер қабылдау**

20. Сұрыпты ұлттық тізілімге енгізу туралы шешім сынақтан өткізілетін сұрыптың ерекшелігі, біртектілігі және тұрақтылығы туралы мәліметтер болған жағдайда, сондай-ақ, егер осы сұрыптың өнімділігі, сапасы, ауруларға орнықтылығы және басқа шаруашылық және биологиялық қасиеттері стандарттық (бақылаушы) сұрыптың көрсеткіштерінен басым түсетіні белгіленген кезде қабылданады.

Еуразиялық экономикалық  
одақ шеңберінде ауыл  
шаруашылығы өсімдіктерінің  
сұрыптарын сынақтан  
өткізуге қойылатын  
әдістемелік тәсілдемелерге  
№ 1 ҚОСЫМША

### **Сұрыптың анкетасында қамтылатын мәліметтер ТІЗБЕСІ**

1. Өсімдіктің тегінің, түрінің, түр өзгешелігінің орыс және латын тілдеріндегі атауы
2. Өтініш берушінің атауы және мекенжайы
3. Сұрыптың атауы және селекциялық нөмірі
4. Жаралу әдісі мен бастапқы (ұрпақтық) нысандарын көрсетумен сұрыптың шығу тегі туралы мәліметтер
5. Сұрыптың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау және гендік-инженерлік қызметтің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасына сәйкес пайдалануға рұқсат ету үшін алдын ала рұқсат беруді талап ететіндігі және осындай рұқсат алынғаны туралы ақпарат
6. Сұрыптың сипаттық және айырмалық белгілері

7. Сипаттық және айырмашылық белгілері бойынша жақын сұрыптардың атаулары, сондай-ақ олардың өтініш берілген сұрыптан ерешеленетін белгілері

8. Өтініш берушінің (өтініш берушілердің) қолтаңбасы

Еуразиялық экономикалық  
одақ шеңберінде ауыл  
шаруашылығы өсімдіктерінің  
сұрыптарын сынақтан  
өткізуге қойылатын  
әдістемелік тәсілдемелерге  
№ 2 ҚОСЫМША

## **Сұрыптың СИПАТТАМАСЫ**

Сұрыптың сипаттамасы сұрыптың өтініш берушісі берген сұрыпты сынауға өтінішке қоса берілетін құжат болып табылады және мыналарды қамтуы тиіс:

өсімдіктің тегінің, түрінің, түр өзгешелігінің орыс және латын тілдеріндегі атауы;  
сұрыптың атауы және селекциялық нөмірі;

жаралу әдісін көрсетумен сұрыптың шығу тегі туралы мәліметтер (будандар үшін: буданның типі, ұрпақтық нысандарын көрсетумен будандастыру схемасы);

өнімді пайдалану бағыты бойынша сұрыптың қолданылуы;

сұрыпты өсіріп-өндіру технологиясының ерекшеліктері;

сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер бойынша деректер, өнімнің сапасы;

негізгі аурулар мен зиянкестерге орнықтылығы туралы деректер.

Сипаттамада "жуық", "тарта", "шамамен" деген секілді екіұшты сөздерді, сондай-ақ көпшілік қабылдағандарды қоспағанда, қысқартуларды қолдануға жол берілмейді.

Сипаттамаға:

картоп үшін – өтініш беруші елінің уәкілетті ұйымы (зертханасы) берген картоптың катерлігі ісікке (*Synchytrium endobioticum* Pers) орнықтылығы туралы анықтама;

салалы зығыр үшін – зығыр талшығын технологиялық бағалау деректері;

мақта, темекі және махорка үшін – шикізаттың сапасы туралы қорытынды қоса беріледі.

Сипаттамаға өтініш беруші (өтініш берушілер) қолтаңба қояды.

Сұрыптың өтініш берушісі берген сұрыпты сынауға өтінішке өсімдіктің гүлдерінің, гүлшоғырларының, репродуктивті бөліктерінің (масақтардың, собықтардың, сыпырғыштардың, дәндердің, жемістердің, жидектердің, түйнектердің, тамыржемістердің және т.б.) және шаруашылықта пайдалану фазасындағы қалыпты дамыған өсімдіктің куэландырылған түрлі-түсті фотолары (масштабты сызғыштың айқындағыш фонында 9 × 12 см, 13 × 18 см және т. б. өлшемдермен) қоса беріледі. Бұған қоса, жекелеген дақылдар үшін мынадай фотолар қоса беріледі:



темекі және махорка үшін – қалыпты дамыған өсімдік гүлшоғырымен және ортаңғы қабаттағы жапырағымен бірге;

көпжылдық ағаш дақылдары үшін – ағаш (бұта) толығымен және оның жекелеген бөлшектері (өскіні, жемістері және т.б.).

Еуразиялық экономикалық  
одақ шеңберінде ауыл  
шаруашылығы өсімдіктерінің  
сұрыптарын сынақтан  
өткізуге қойылатын  
әдістемелік тәсілдемелерге  
№ 3 ҚОСЫМША

### **Сұрыптың шаруашылық және биологиялық қасиеттерінің ТІЗБЕСІ**

1. Түсімділік (өнімділік)
2. Зиянды ағзаларға орнықтылық
3. Қоршаған ортаның қолайсыз факторларына орнықтылық (қысқа төзімділік, тұзға төзімділік, қуаңшылыққа төзімділік және т.б.)
4. Пісіп жетілу тобы
5. Өнім сапасының көрсеткіштері (ақуызды, крахмалды, қантты және т.б. қамтуы)
6. Механикаландырылған жинауға жарамдылық
7. Егіннің тауарлығы
8. Егіннің сақталғыштығы
9. Өнеркәсіптік қайта өңдеуге жарамдылығы (көкөніс дақылдары сұрыптарының консервілеуге жарамдылығы, картоп сұрыптарының чипстерді, картоп фриін және т.б. дайындауға жарамдылығы)
10. Тағамдық мақсаттарға пайдалануға жарамдылығы
11. Ұрпақтық компоненттердің буданның тұқымын өсіру шаруашылығына пайдалануға жарамдылығы
12. Жемісті, жидекті, көкөніс, бақша дақылдары, жүзім және басқа ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің телітуші-телінуші құрамдасында телітуші ретінде пайдалануға жарамдылығы

Еуразиялық экономикалық  
одақ шеңберінде ауыл  
шаруашылығы өсімдіктерінің  
сұрыптарын сынақтан  
өткізуге қойылатын  
әдістемелік тәсілдемелерге  
№ 4 ҚОСЫМША

### **Сынақтан өткізілетін сұрыптардың сапа көрсеткіштерінің ТІЗБЕСІ**

1. Бидай, қарабидай, тритикале – мөлдірлігі, біртегістігі, жалпы азотты және ақуызды қамтуы, дәнмаңыздың саны мен сапасы, қамырдың физикалық қасиеттері, ұнға тарту, нан пісіру және макарондық қасиеттері

2. Арпа – ақуыз және крахмалды қамтуы, дәннің сығындалғыштығы, ірілігі, қабықшалығы, көктеу энергиясы, жармалық қасиеттері

3. Сұлы, тары, қарақұмық және басқа жармалық дақылдар – дәннің жармалық қасиеттері: жарманың шығымы, қабықшалығы, біртегістігі, аспаздық бағалау

4. Дәнді-бұршақты дақылдар – ақуызды қамтуы, тұқымдар мен жарманың технологиялық және тұтынушылық қасиеттері

5. Күнбағыс, майлық зығыр, күзгі және жаздық рапс, соя – тұқымдарда майдың қамтылуы

6. Қант қызылшасы – қанттылығы, меласса қалыптастыратын заттарды қамтуы, қанттың ықтимал шығымы

7. Картоп – дәмдік сапасы, крахмалды қамтуы, қайта өңдеуге жарамдылығы

8. Ақбас қырыққабат – дәмдік сапасы, ашытуға жарамдылығы

9. Қияр – дәмдік сапасы, тұздауға жарамдылығы

10. Қызанақ – дәмдік сапасы, тауарлық жемістің орташа салмағы, құрғақ затты қамтуы, қайта өңдеуге жарамдылығы

11. Тәтті бұрыш – дәмдік сапасы, қабырғасының қалыңдығы, жемістің пішіні мен түсі

12. Көкөніс асбұршағы, сәбіз, қызылша, пияз, қауын, қарбыз – дәмдік сапасы

13. Евгенолды насыбайгүл (райхан), қазтамақ, лаванда, лавандин, жұпарлы сәлбен, анис, жалбыз, эфир майлы раушан – эфир майын қамтуы

14. Азықтық дақылдар – протеин және жасұнықты қамтуы

Еуразиялық экономикалық  
одақ шеңберінде ауыл  
шаруашылығы өсімдіктерінің  
сұрыптарын сынақтан  
өткізуге қойылатын  
әдістемелік тәсілдемелерге  
№ 5 ҚОСЫМША

## **Сұрыпқа атау беру ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрпының өтініш беруші ұсынған және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы мақұлдаған атауы болуы тиіс. Сұрыпты пайдаланатын кез келген тұлға оның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағында пайдалануға рұқсат етілген (рұқсат берілген, ұсынылған) ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының ұлттық тізіліміне тіркелген атауын қолдануы тиіс. Атау тіпті сұрыпты сақтау мерзімі өткеннен кейін де тұқымдық материалды сату кезінде пайдаланылуы тиіс.

2. Ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының атауы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің барлығы үшін біркелкі болуы және латын немесе кирилл әліпбиі әріптерін, цифрларды, бос орындарды пайдалана отырып көрсетілуі тиіс. Кирилл әліпбиі әріптерін қамтитын ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының атауын өтініш беруші "Кирилл жазбасын латын әліпбиіне транслитерациялау қағидалары" МЕМСТ 7.79-2000 (ИСО 9-95) сәйкес латын әліпбиі әріптеріне, ал латын әріптерін пайдалана отырып жазылған атауды атаулардың фонетикалық сәйкестігін сақтай отырып, кирилл әліпбиіне транслитерациялайды. Ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының транслитерацияланған, транскрибацияланған барлық атаулары бір ғана атау ретінде қаралады. Ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының атауын аударуға жол берілмейді.

3. Ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының атауы графикалық және фонетикалық тұрғыда өсімдіктің басқа сұрыпының атауынан ерекшеленетін болуы тиіс.

Ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының атауы, егер Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық одақта қабылданған сыныптауыш бойынша бұл өсімдіктер бір сыныпқа жататын болса, өсімдіктердің қолданыстағы сұрыптарының атауларынан, сондай-ақ сұрыпты сынақтаудағы өсімдіктер сұрыптарының атауларынан ерекшеленуі тиіс.

4. Ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының атауы:

а) салыстырмалы немесе асырмалы шырайдағы сөз тұлғасын қамтымауы;

б) осы түр өзгешелігіне жататын тектің ботаникалық немесе қарапайым атауын қамтымауы;

в) бұл жекелеген өсімдіктердің (мысалы, ұрпақтық компоненттер) сұрыптарына атаулар беру кезіндегі көпшілік қабылдаған практика болып табылатын жағдайларды қоспағанда, тек қана цифрлардан құралмауы;

г) осы сұрыптың сипаттамасына, құндылығына, сәйкестілігіне, оның иеленбейтін айрықша қасиеттерінің болуына қатысты жаңылысуға алып келмеуі;

д) селекционердің жеке тұлғасына қатысты жаңылысуға алып келмеуі;

е) оның географиялық шығу тегіне қатысты жаңылысуға алып келмеуі;

ж) тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға сілтемелерді және ауыл шаруашылығы өсімдігі сұрыпының атауын пайдалануға тыйым салуға мүмкіндік беретін өзге мәліметтерді қамтымауы тиіс. Өтініш беруші сұрып атауы мен тауар белгісін сәйкестендіруді өз бетінше жүргізуі тиіс;

з) адамгершілік және мораль қағидастарына қарама-қайшы келмеуі тиіс.

5. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының атаулары ретінде тұлғалардың аттарын немесе олардың бөліктерін пайдалануға мынадай жағдайларда рұқсат етіледі:

а) аттарын селекционерлердің немесе патент иелерінің аттарымен шатастыруға келмейтін әйгілі тұлғаларға арнау;

б) тарихи тұлғалардың және әдеби кейіпкерлердің аттарын пайдалану.

6. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарына мынадай салдарларға байланысты пайдалануға тыйым салынуы мүмкін атауларды беру қабылданбайды:

а) өтініш берушінің кез келген уақытта, тіпті оны сақтау мерзімі өткеннен кейін де атауды пайдалануға тыйым салуға мүмкіндік беретін құқығы (атауға немесе тауар белгісіне құқық) бар атаулар;

б) үшінші тұлғалардың басымдығы бар атаулар, бұл осы атауларды пайдалануға кедергілер келтіруі мүмкін.